

Аймақтық семинар: «Үштілді білім беру - бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу»

Қазіргі таңда үштілдік курсын тәмамдап келген жаратылыстану пәні мұғалімдері түрлі семинарларда өз тәжірибесімен бөлісуде. Соның бірі дәлел ретінде наурыз айының 2-ші жұлдызында М.Байзақов атындағы №18 жалпы орта мектебінде «Үштілді білім беру - бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу» тақырыбында аймақтық семинар өтті.

Семинар жоспарына сай химия пәнінің мұғалімі Г. Айдарова 8 «Ә» сыныбында «Oxides» тақырыбында өткен ашық сабағы өз дәрежесіне болды. Сабақ барысында «Қаһоо» бағдарламасы бойынша АКТ-ні тиімді қолдана отарып, топтық жұмыстар жүргізді.

Физика пәнінің мұғалімі Ж.Мекенбаева 9 «Ә» сыныпқа «Sound. Sound discriptions» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ барысында үштілділік бойынша терминдер, эксперименттік тапсырмалар және формативті тапсырмаларды және АКТ-ні тиімді қолданды.

Биология пәнінің мұғалімі А.Бижанова 8 «А» сыныпқа «Endocrine glands. Diseases of the endocrine system» тақырыбында сабағын өмірмен ұштастыра отырып өтті. Оқушылармен қарым-қатынасы және сабақта қолданылған әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білді.

Информатика пәнінің мұғалімі А.Өсербай 9 «А» сыныпқа «Python list» тақырыбында сабағында АКТ мен Python бағдарламасын оқушыларға түсіндіре отырып, есептер шығарта білді. Сабақ өз дәрежесінде өтті.



Суретте: облыстық симинар жұмысының көріністері.

Жоғарыда аталған мұғалімдер ағылшын тілінде «Class room Language» - ті жоғары деңгейде меңгергендігін дәлелдеді.

Математика пәнінің мұғалімі Д.Ажибекова 7 «Ә» сыныпқа «Қысқаша көбейту формуланың көмегімен өрнектерді түрлендіру» сабағында СТО әдістерін тиімді қолдана білді. Кері байланыс жасағанда оқушылармен қарым-қатынасы, сөйлеу манерасы жоғары деңгейде екендігін байқалды.

Математика пәнінің мұғалімі Е.Осагай 5 «Ә» сыныпқа «Ондық бөлшектерді 10;100; 1000 және 0,1; 0,01; 0,001

сандарына бөлу» тақырыбында топтық сабақтарын жақсы ұйымдастырылғанын айтып, сабақ өз дәрежесінде өтілді.

І деңгейлік курсты бітірген математика пәнінің мұғалімі П.Амангелдиева мен орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі К.Үсенова «Жанаша оқыту жетістік көзі» тақырыбында коучинг жоғары дәрежеде өткенін және ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері Г.Мұсакова мен А.Тасбулатова «СЛП: жаратылыстану пәндерінде» тақырыбында тренинг сабағын керемет өткендігі айтылды.

Тренинг және коучинг сабақтарға

аймақтан келген химия, физика және биология, информатика пәндері мұғалімдері қатысып, өз пікірлерін білдіре отырып, кері байланыс жасады. «Ұлы Абай халық жүрегінде» концерттік бағдарлама жоғары деңгейде ұйымдастырылып, семинар мақсатына жетті.

Семинар соңында мұғалімдердің іс-тәжірибелерін ауданға тарату және марапатқа ұсынуын айтты.

Мәле Әуелбекұлы, Жетісай ауданы білім бөлімінің әдіскері